



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№11 (1396)  
8 сәуір  
2011 жыл

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

## ҚазҰУ СТУДЕНТТЕРІ ЕЛБАСЫҒА 100% ДАУЫС БЕРДІ



3 сәуір күнгі Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында ҚазҰУ студенттері 100 пайыз Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа дауыс берген бірден-бір орта. Сонымен қатар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сайлауға қатысу белсенділігі жағынан да Қазақстан бойынша бірінші орынға шығып, ең жоғарғы көрсеткіш көрсетті. Бұл еліміздегі жоғары оқу орындарының көшбасшысы ҚазҰУ-дың болашақтың іргесін қалаудағы Елбасымен бірге екендігінің нақты айғағы.

ҚазҰУ қалашығында №186 және №187 сайлау учаскелері жұмыс жасады. Сайлау учаскелері дауыс берушіге қажетті жағдайлармен толықтай қамтамасыз етілді. Сайлау бақылаушылары да дайындықты өте жақсы бағалады. Жастармен бірігіп университет ректоры Ғалымқайыр Мұтанов та өз қалауына дауыс беруге келді. «Сайлау Қазақстан мемлекетінің тарихында қалатын айтулы күндердің бірі. «Бүгінгі күніміз ертенгі тарих» деп бір ғұлама айтып кеткен еді кезінде. Біздің университет мемлекетіміздің болашағын қалайтын жас мамандарды даярлап, олардың дұрыс таңдау жасауына көмектеседі. Ал бүгінгі

сайлауда дұрыс таңдау жасау — бүкіл қазақ еліне үлкен жауапкершілік артады», - деді ол.

№186 сайлау учаскесі комиссиясының төрағасы Есберген Алаухановтың айтуынша, сайлау заңдық нормаларға сай өтті. ҚазҰУ студенттері өте үлкен жауапкершілік танытып, жастар жағы ел болашағы маңызды екенін дәлелдеді. «Бүгінгідей саяси ахуалға жастардың жоғары қызығушылығы және жоғары белсенділік көрсетуі мені қуантып отыр. Барлығы 98% сайлаушылар дауыс берді. Студенттер сайлауға белсенді түрде қатысып отыр.

(Жалғасы 3-бетте)

6 сәуірде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалымқайыр Мұтанов университеттегі Жастар ұйымдары комитеті мен Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының белсенді тобымен арнайы кездесті. Жастар ұйымдары комитетінің жұмыстарын жандандыру мен дамыту жолдарының заманауи бағыты қарастырылған кездесуде, сонымен қатар, 22-23 сәуір аралығында ҚазҰУ-дың ұйымдастыруымен өтетін «Заманауи университеттегі Студенттік өзін-өзі басқару: тәжірибе, инновация және болашағы» атты халықаралық студенттік жастар форумына дайындық жұмыстары талқыланып, пысықталды.

### Жастар ұйымдары комитетінің жұмысы жандана түспек

Жастар — қоғамның қозғаушы күші. Жас келсе іске. Жастар — жаңашылдық бастаушысы. Міне, қоғамдық күште осылайша жастар келбеті, жастар бейнесі жоғары маңыздылыққа ие. Жас буын — болашақ иесі. Маман болудың алғашқы іргетасы университет қабырғасында қаланатынын ескерсек, білім ордасында жастарға деген дұрыс бағыт, үлкен мектеп, жоғары кәсібилік қажет. Бұл бағыт әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде бір ізге қойылған. Әлеуметтік жаңғыру бағытында жастарға басшылық тарапынан қолдау көп. Университет өміріндегі өзгерістер мен жаңару бағытында қазулық студенттер де үн қосып, өз ұсыныстарын ашық жеткізе алады. Бұл бағытта ректор Ғалымқайыр Мұтанов студенттер мен оқытушы-профессорлар арасында әлеуметтік әріптестік орнау қажеттігін айтады.

ҚазҰУ студенттері тек университет қабырғасында ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік, тіпті әлемдік деңгейде де бастама жасап, жаңа идеялардың дүниеге келуіне ұйытқы болып жүргендігі атқарылып жатқан істерден мәлім.

(Жалғасы 2-бетте)

РЕКТОРАТ

АЛҚАСӨЗ

### Модульдік оқытудың маңызы зор

5 сәуірде өткен ҚазҰУ-дың Ректорат мәжілісінде бәсекеге қабілетті маман дайындау мақсатында модульдік оқытуға негізделген құзырлық ыңғайын жүзеге асыру, университет қызметін жетілдіру мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу туралы ақпарат және университет қызметкерлерінің шетелдік іс-сапарлары туралы есептері тыңдалды.



Оқу жұмысы жөніндегі проректор Гүлнар Балақаева бәсекеге қабілетті маман даярлауда басты назарда ұстауға тиіс модульдік оқыту бағыттарын баяндап, жалпыәлемдік жоғары оқу орындарының даму тенденциясына тоқталды. Онда «білім алу-оқыту» тұжырымынан «білім

алу-қалыптасу» тұжырымына көшу, пәнаралық дайындықты күшейту, алған білімді тез арада тәжірибеге енгізу, білім алу, ғылым және инновациялық іс-әрекеттердің өзара ықпалдастығы сияқты талаптар негізге алынған.

(Жалғасы 2-бетте)

### Баспагерлерді жұмыспен қамту мәселелері талқыланды

6 сәуір күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті Баспа ісі және БАҚ дизайны кафедрасының ұйымдастыруымен "Баспа мамандарын даярлау және жұмыспен қамтамасыз ету мәселелері" атты алқасөз өтті. Алқасөзге «Қазақ энциклопедиясы», «Мектеп», «Білім», «Ана тілі», «Жазушы», «Жалын», «Атамұра», «Экономика» және «Көкжиек», «Ол-жас», «Арыс», «Қазақ университеті» баспаларының директорлары және «Айқын», «Түркістан», «Кітап жаршысы» және тағы да басқа бірнеше республикалық басылымдардың бас редакторлары қатысты.

Алқасөз барысында әр баспаның кітап көрмесі ұйымдастырылып, кітап саудасы өтті. Одан кейін баспа директорлары мен басылым бас редакторлары журналистика факультеті студенттеріне шеберлік сағаттарын өткізді. Республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, баспагерлер, полиграфистер, кітап басу, тарату ісінің мамандары өзара кеңесіп факультет түлектерін жұмыспен қамту мәселесін, студенттердің теориялық білімі мен өндірістік тәжірибелерін ұштастыру жолдарын талқылады. Бас-

па ісі және БАҚ дизайны кафедрасында маманданып жатқан студенттерге тәжірибелік және теориялық білім беруде өзара әріптестікті нығайтып, қарым-қатынасты дамыта түсуді мақұлдады. Әріптестік байланыс арқылы Баспагерлер мен БАҚ өкілдері кафедрала маманданып жатқан шәкірт шеберлігін арттырып, олардың болашақта өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына ұйытқы болуды көздеді.

(Жалғасы 2-бетте)



# Модульдік оқытудың маңызы зор

(Басы 1-бетте)

Проректор «TUNING Educational Structures in Europe» талаптарында компетенция: «білім және түсінік», «қалай әрекет ету білімі» және «болмыс» сияқты бағыттарды қамтитындығын, сонымен бірге шетелдік тәжірибеге сүйене отырып Модульдік білім беру бағдарламасын қалай жасау керектігін де айтып өтті.

Өз кезегінде Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры Жаңыл Мамыкова университет қызметін жетілдіру мақсатында ақпараттық-

коммуникациялық технологияларды енгізу туралы баяндап, оны жүзеге асыруда атқарылатын жұмыс жобасын ұсынды. Жобаның басты мақсаты – «Электронды ҚазҰУ-дың» ақпараттық-білім беру ортасын, ақпараттық интернет-ресурсын және университеттің ИТ-инфрақұрылымын аппараттық бағдарламамен қамтамасыз етуді дамыту. Департамент директоры университеттің ақпараттық-коммуникациялық технологияларын дамыту жолдары бүгіннен бастау алғандығын да айтты.

Будан кейін Ректорат Қаулыларының

орындалуы жайлы Ректор аппаратының басшысы Қайрат Жүсіповтің хабарламасы және Жану мәселелері институтының директоры Зұлқайыр Мансұровтың ақпары тыңдалды. Институт жұмысымен танысқан ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов қоғамға қажетті ғылыми жобаларға қаржы бөлу күн тәртібінен түспейтіндігін айтты.

**P.S.** Ректорат мәжілісінде *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың наурыз мейрамын тойлау бағдарламасы таныстырылды. Та және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Шолпан Жаман-балаева Ректорат мүшелерін университеттің мейрамға дайындығынан хабардар етті. Проректор 4-9 сәуір аралығында «Наурыз – тіршіліктің жаңаруы» атты тазалық апталығы және 10 сәуірде «Қош келдің, әз-Наурыз» сахналық қойылымы өтетіндігін хабарлады. Сахналық қойылым барысында сенбілік нәтижесі жарияланып, «Ең үздік аймақ» анықталмақ. Өндіріс департаментінің директоры Мұрат Нұрғазин университет қызметкерлерін тазалық жүргізетін аймақтар кестесімен таныстырды.*

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА



## Баспа мамандарын даярлау және жұмыспен қамту мәселелері талқыланды

(Басы 1-бетте)

Осы алқасөзді ұйымдастырушылар «Ұлттық кітап күні» белгілеп, жыл сайын оны ҚазҰУ-да республикалық деңгейде өткізіп тұруды ұсынды. Баспа мамандарын даярлаудың және жұмыспен қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін талқылай кел, алқасөзге қатысушылар «Баспагерлер меңполиграфистер кеңесін» құрып, «Ұлттық кітап күні» аясында кітап жәрмеңкесін, «Болашақ баспагер-редактор» байқауын және кітап конференциясын өткізуді дәстүрге айналдыру туралы қарар қабылдады.

Еңлік АҚЖІПТ



БАЙҚАУ

# Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінің оқытушылары білім сайысына түсті. ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында тұңғыш рет оқытушылар арасында «Жүзден жүйрік» атты сайыс өткізілді. Кафедра оқытушысы Рыскен Әбішеваның жүргізуімен өткен сайыста аға оқытушы Рахила Наралиева, ф.ғ.к., доцент Жібек Ибраимова, филолог Гүлжан Сапаева сайысқа қатысып, өз біліктіліктерін сынады.**

Факультеттің ардагер ұстазы доцент Ж.С.Садықов пен ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының меңгерушісі, профессор Қ.А.Ақшоққарова ұстаздар арасында бірінші рет өткізілген шараның тұсауын кесті. Сайыс «Ана тілім – азығым, адастырмас – қазығым», «Мақалдың ұйқасын тапқан, жүзден жүйрік боп шапқан» және «Көненің көзі, дұрысын тапқан нағыз жүйріктің өзі» атты кезеңдерді құрады. Кафедраның аға оқытушысы, білікті маман Рахила Наралиева үш кезең талаптарынан сурінбей өтіп «Жүзден жүйрік» атағын жеңіп алды. Ұстаздар арасындағы мұндай сайыстар мықты маман қалыптастыруда «ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген талап үдесінен шығуға үлес болмақ.

Факультет деканы Ж.Т.Молдағалиева мен ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының доценті Ж.С.Садықов сайысты қорытындылап, біліктілігін танытқан ұстаздарға алғыстарын жеткізді. Сайыс қазақ халқының ұлттық рухани құндылығын, ежелден келе жатқан мақал-мәтелдері мен көркемдікке ұласқан бай сөздік қорын дәріптей түсті. Қазақ халқының қанатты сөздерін, сөз құдіретін, тілдің қадір-қасиетін қастерлеуді ұрпаққа жеткізетін дәнекер ол – ұстаздар. Сайыс – ұстаз бойындағы мәдени құндылық пен рухани байлық жаршысы болды. Білім сайысы арқылы ұстаздар біліктілігі сыналды.

**М.Б.ӘМІРХАНОВ,**  
шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті деканының орынбасары



## ҚЫСҚА-НҰСҚА

**5 сәуірде** химия факультетінде ғалым-микробиолог, б.ғ.д., профессор А.А.Жұбанованың 70 жылдығына арналған «Биотехнологиялық зерттеулердің қазіргі жағдайы және жетістіктері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған отандық және шетелдік биотехнология, химия, экология саласының ғалымдары мен студенттер қатысты. ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов, «Ұлттық биотехнология орталығы» РМК бас директоры Е.Раманқұлов, «Ұлттық ядролық орталық» директоры Қ.Қадыржанов, Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік халық аспаптар оркестрінің мүшелері және тағы да басқа мекеме өкілдері ғалымды мерейтойымен құттықтады.

**5 сәуірде** филология факультетінің жалпы тіл білімі кафедрасының ұйымдастыруымен дәстүрлі «Үздік лингвист» зияткерлік байқауы өтті. Байқауда Балжан Ақылбекова «Үздік лингвист» атағын жеңіп алса, Мейрамбек Таубалдиев екінші орын иеленді. «Үздік лингвист» иегеріне университеттегі Тілдерді дамыту бөлімі арнайы сыйлығын табыс етсе, кафедра ұжымы жеңімпазға ұялы телефон сыйлады.

**6 сәуірде** шығыстану факультетінің ирантану және үндітану кафедрасы тұңғыш рет парсы тілі апталығын ұйымдастырды. Апталықта ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (КИСИ) сыртқы саяси зерттеулер бөлімінің меңгерушісі Болат Әуелбаев «Қазақстанның Ислам Конференциясы Ұйымына тәрағалығы» атты дәріс оқыды. Лектор студенттер тарапынан қойылған түрлі сауалдарға тыңғылықты жауап қатты.

# Жастар ұйымдары комитетінің жұмысы жандана түспек

(Басы 1-бетте)

**КЕҢЕС** Соның бірегейі алда ҚазҰУ-дың Жастар ұйымдары комитетінің ұйымдастыруымен өткелі отырған «Заманауи университеттегі Студенттік өзін-өзі басқару: тәжірибе, инновация және болашағы» атты халықаралық студенттік жастар форумы. Бұл форумда Еуропалық деңгейде Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының келісімшарты қабылданады деп күтілуде. Бұл форум арқылы студенттер өздері шешім қабылдап, қоғамдық белсенді ұйым жұмыстарын жетілдіруге, жаңа талаптарға сай қайта жаңғыртуға жетекші болмақ.

Жастар ұйымдары комитетінің жетекшісі Назира Бөддірікова форумға дайындық жұмыстарымен, өту тәртібімен, шақырылған қонақтар тізімімен және форум бағдарламасымен таныстырды. Жастар ұйымдары форумға қажетті шығын мөлшерін есептеп, басшылықтан қаржылай қолдауды ұсынды. Бұл кезекте ректор жастар бастамасына қашанда қолдау танытатынын айтып, алдағы міндеттерді біріге, ұжымдасып атқаруға шақырды.

Басшылықпен арнайы өткен әріптестік кеңесте студенттік ұйымдар өздерінің атқарып жатқан міндеттері мен жұмыстарынан мәлімет беріп, алда «Көшбасшылар мектебі», «Green кампус» сияқты бірнеше жобалар

жасалатындығын жеткізді. Жастар ұйымдары комитеті жұмыстарының ережесі, қызметі бүгіннен бастап жаңартылып, жетілдіріліп жатқандығын айтты.

«Халықаралық деңгейде форум ұйымдастыруға мұрындық болып жүрген өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысын жандандыра түсу керек. Бір жүйеге негіздеп, әлеуметтік әріптестікті дамыту қажет», - дейді ректор Ғалымқайыр Мұтанов. Университетте қабылданған Студенттік арнамыс кодексі сияқты құжаттарды жастарға насихаттап, жеткізуде бұл ұйымдардың зор маңыздылыққа ие екендігін айтты. Студенттік ұйымдар жастар мәселесін біріге, бірлесіп шешуге құзыры жететіндей деңгейге көтерілуі қажеттігін, шешімін таппаған мәселелерді бөлісуде жастар осы ұйымдардан қолдау табуы керектігін айтып, университет басшылығы жастарға үлкен міндет қойды. Студенттер Абай, Мағжан шығармаларын оқуды өздеріне міндет сана-са, жаңа құндылықтар пайда болатындығын айтып, ең алдымен ұлттық мәдени-

құндылықтарды, заманауи инновациялық үдерістерді меңгеруге үндеді. Студент тек диплом алып қана шықпай, сонымен бірге ғылыми жоба жасап, экономикалық-индустриялық дамуға, қоғамға өнім әкелу деңгейіне жету керектігін және бұл талаптар үдесінен шығуда Жастар ұйымдары комитеті бастама танытып, үлгі болуды талап етті.

ҚазҰУ-да білім алып жатқан әр студент бизнес-энкуваторға қатысып, бәсекеге қабілетті мықты маман болуды университет қабырғасынан бастау керектігі жүктелді. Байқағанымыздай, дәстүрлі университеттен ұлттық зерттеу университетіне айналу барысында жастарға қойылар міндеттер де, талаптар да биік. Бұл міндеттер Елбасы Жолдауында айтылғандай, әлеуметтік жаңғыру қадамдарына жетелеп, интеллектуалды ұлт қалыптастырмақ. Университет қабырғасында шындалған студент қоғамда мықты маман, әлемдік деңгейде иық тіресетін кадрлар қатарын қалыптастырады анық. Қойылған талаптарға сай болу студенттің басты мақсатына айналу керек.

**P.S.** ҚазҰУ студенті қандай болмақ керек деген сауалға жақында қабылданған «ҚазҰУ студентінің ар-намыс кодексі» және «ҚазҰУ студентінің ережесі» сияқты құжаттар жауап бермек. Бір кездесу бірнеше бағытты айқындап берді. Енді сол міндеттер үдесінен шығу студент әлеуетіне сын. Кездесуден белгілі болғандай, алда студенттік белсенді топпен арнайы кездесу өткізіліп, онда Жастар ұйымдары комитетінің жаңа бағыттағы жетілдірілген жұмыс түрі ұсынылмақ.

Саягүл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ



# ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІ ЕЛБАСЫҒА 100% ДАУЫС БЕРДІ

(Басы 1-бетте)



Сайлау учаскесіне бірінші болып келген сайлаушыларды және туылған күн иегерлерін құттықтап, сый-сияпат бердік», - дейді Есберген Алауханов. Ал №187 сайлау учаскесі комиссиясының төрағасы Әбдіқарар Сейітжановтың хабарлауынша, тіркелген 3024 сайлаушының 97,3%-ы дауыс берген.

Сөйтіп, ҚазҰУ-да сайлауға қатысушылар уақытылы келіп, толықтай өз таңдауларын жасады. Сайлау учаскелерінде бақылаушылар мен БАҚ өкілдері де жұмыс істеді. Нәтижесінде ҚазҰУ студенттері сайлауға 98% қатысып, Елбасыға 100% дауыс берді. Бұл көрсеткіш сайлауға қатысу тиімділігі жағынан да, Елбасыға тікелей арту жағынан да республикалық қорытынды бойынша ҚазҰУ-ды алдыңғы орынға шығарды. Бұл ел тағдырына ҚазҰУ жастарының бейжай қарай алмайтындығын көрсетеді.

Президент сайлауы мәресіне жетті. Жалпы қорытынды бойынша «Нұр Отан» партиясының атынан сайлауға түскен президенттік кандидат Нұрсұлтан Назарбаев сайлаушылардың 95,55 пайыз дауысын жинап, айқын басымдықпен жеңіс тұғырына көтерілді. Нұрсұлтан Әбішұлы осымен төртінші рет Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланып отыр.

Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына тұспа-тұс келген сайлау науқанының жеңіс көрсеткіші жеткен жетістіктердің Нұрсұлтан Назарбаевпен еселенуі түсетіндігіне артылған сенім екендігін білдіреді. Сайлау туралы бақылаушылар мен сарапшылар оң бағасын беруде. Сонымен қатар әлем назарын аударған сайлау жеңісіне дүние жүзі елдерінен құттықтаулар келіп түсуде. Арғысы АҚШ, бергісі Ресей мен Қытай секілді әлемнің ірі мемлекеттері сайлаудың заң талаптарына сай өткендігін растап, қазақ еліне үшбу құттықтау хаттарын жолдап та үлгерді. Солардың ішінде Италия Республикасы Министрлер Кеңесінің Төрағасы Сильвио Берлусконни: «Сайлаудың нәтижесі Қазақстан халқының Нұрсұлтан Назарбаевқа деген жоғары сенімі мен сүйіспеншілігінің айқын көрінісі», - десе, Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті Шейх Халифа бен Заид Әл Нахаян: «Нұрсұлтан Назарбаевтың данышпан да болашақты болжай білетін қабілетінің арқасында Қазақстан әлемнің белді мемлекеттерімен әріптестік қатынастарды орнатып, бекіте алды, сонымен қатар барлық салаларда елеулі жетістіктерге жетті», - деген баға берді. Нұрсұлтан Назарбаевты президенттік сайлаудағы сенімді жеңісімен құттықтаған Ауғанстан Ислам Республикасының Президенті Хамид Карзай: «Ауғанстан халқы Жоғары Мәртебелі басшылығымен жүзеге асырылып отырған Қазақстанның тұрақты көмегін әрдайым ризашылықпен қабылдайды. Ауғанстан мен Қазақстан халықтары арасында орныққан тығыз байланыстарды жоғары бағалай отырып, біздің елдеріміз арасындағы достық қарым-қатынастар мен өзара іс-қимыл алда да кеңейіп түсетініне сенемін», - деген пікір айтты. «Бақылаушылар жұмысының қорытындысы Қазақстандағы сайлау жүйесі әрбір сайлау сайын жетіліп отырғанын көрсетті», - дейді Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясының Президенті Мевлют Чавушоглу өз құттықтауында.

Ал қазақстандық пікір білдірушілер қатарындағы ҚР Ұлттық

ғылым академиясының академиктері Мұрат Жұрынов, Салық Зиманов, Сейіт Қасқабасов, Сұлтан Сартаев, Меруерт Әбусейітова, Серік Қирабаев өз пікірлерін былай түйіндейді: «Қазақстан Республикасы Президентінің болып өткен сайлауы адамдардың Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті

Н.Ә.Назарбаевтың тұлғасына деген құрметі мен сенімінің тағы бір кезекті айғағына айналды. Қазақстанның табыстары Мемлекет басшысының есімімен тығыз байланысты. Оның стратегиялық болжамының, сындарлы да ойластырылған саясатының арқасында 20 жыл ішінде көптеген көрсеткіштер бойынша Орталық

Азияда көш бастаған жаңа, экономикалық дамыған мемлекет құрылды. Ұлт Көшбасшысының саясаты әр кезде де мемлекеттің болашақ өркендеуінің басты шарты болып табылатын ғылым мен технологияларды дамытуға бағдарланғандықтан Н.Ә.Назарбаевтың сайлануы ғылымдардың шығармашылық бастамасына

қанат бітіреді. Қазақстан ғалымдары Ұлт Көшбасшысының басшылығымен Қазақстан ғылымының жаңа биіктерге жетіп, ғылыми жетістіктердің әлемдік қазынасынан лайықты орын алатынына сенімді».

Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы білдіріліп жатқан пікірлердің дені осы мазмұнды құрайды. Бұл Елбасына деген үлкен сенімнің айғағы.

Нұрсұлтан Әбішұлы 1991 жылдан бері Қазақстанды басқарып келеді. Ол бұған дейін өткен президент сайлауларында да басымдықпен жеңіске жеткен. 1991 жылы өткен сайлауда – 98,7 пайыз, 1999 жылы – 79,78 пайыз, 2005 жылғы президенттік сайлауда 91,15 пайыз дауыс жинаған болатын. Ел тәуелсіздігін алған жылдардан бергі ел жетістіктері Тұңғыш президент есімімен тығыз байланысты. Сол нәтиже биылғы сайлауда да Нұрсұлтан Назарбаевқа жеңіс әкелді. 3 сәуір күні өткен ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауында ел халқының 95,55 пайыз дауысын алып, қайта сайланған Президент Нұрсұлтан Назарбаевты ұлықтау рәсімі 8 сәуір күні Астанадағы Тәуелсіздік сарайында болады.

Ел қалаған таңдау алда талай асылар мен жетістіктерді бағындыруға, әлемдік дамыған 50 елдің қатарына енуге себеп болмақ. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де әлемдік жетекші университеттер қатарынан орын алуда Елбасы саясатын негізге ала отырып дами бермек.

Саягул ӘЛІМБЕКОВА

## Таңдауымыз тамаша

Ертеңін ойлаған елдің мақсат-мүддесі бір жерден шықты. Сайлауға келген халық өзінің қалауын жасады. Қазақстан халқы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ынтымақтастық пен татулықтың асқан үлгісін көрсетті. Еркін еліміз ертеңіміз үшін тамаша таңдау жасады. «Өзіне сенген адамның қолынан көп нәрсе келеді» депті бір данышпан адам. Ел ағасы ең алдымен өзіне, сосын барып еліне сенді. Дұрыс таңдау елді ешқашан адастырмайды. Ел кемелденуінің еңселі бағыты жаңа биіктерге баратынына шексіз де көміл сенеміз. Ырыс алды ынтымақ еді, біз бүкіл дүние жүзіне ырысты, тату, келешегі зор халық екендігімізді дәлелдедік.

Елбасының Халыққа Жолдауы – Қазақстан өз тәуелсіздігінің 20 жылдығында көптеген нәтижелерге қол жеткізгендігін паш етті. Қазақстанның, қазақ халқының тағдыры Нұрсұлтан Әбішұлының есімімен егіз еді. Халқының ұлы азаматы, перзенті, патриоты жаңа жарқын жолға елін бастай бермек.

Елбасымыз көші мықты керемет елдің кемеңгер ұлы ғажап істермен кемелдікке шақыратын Елбасымен біз біргеміз.

Өтеген КҮМІСБАЕВ,  
шығыстану факультетінің профессоры

## ҚазҰУ студенттері белсенді сайлаушылар қатарын толтырды

2011 жылдың 3 сәуірінде өткен ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауын барша қазақстандықтар ықыласпен күткен рас. Соның ішінде жастардың ерекше белсенділік танытуы – олардың болашаққа деген жауапкершілігі терең түсінуінің айғағы. Таңертеңгі сағат 7.00-де басталған сайлауға ерте келген азаматтар «алғашқы сайлаушы» атану үшін «жарысқандай». Олардың арасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері де басым болды. Тәуелсіз елдің ертеңі үшін өз таңдауын жасаған жастар бұл сайлауда жоғары белсенділік көрсетті. Біреулері кәмілеттік жасқа толып, тұңғыш рет өз таңдауын жасауға асықса, енді бір жастар тобы еліміздің болашағы анықталатын күннің жауапкершілігін сезініп келдім дейді. Бұл күні ҚазҰУ қалашығында №186, №187 сайлау учаскелері белсенді жұмыс жасады. Бұл жолғы сайлауда ҚазҰУ жастары қатысу белсенділігі бойынша 98% көрсетті. Қатысу белсенділігінің жоғары көрсеткіш танытуында ҚазҰУ студенттерінің сайлауалды жұмыстардың бел ортасында жүруі өз нәтижесін берді. ҚазҰУ студенттері жастарды сайлауға қатысуға шақыратын «Біз қолдаймыз!» атты жастар қозғалысының мүшесі болып «Біз сайлауға қатысамыз!» деген ұранмен түрлі жиындарды өздері ұйымдастырды. Өздері насихаттап, өздері бастамашы бола отырып сайлаудың маңызын түсіндірген еді. Әр ел өз болашағын өз жастарымен байланыстыратын болса, біздің елдің болашағы қоғамдық белсенділігі жоғары азаматтардан құралмақ.

Сандуғаш КАРТАЕВА,  
Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлім маманы

## Убедительная победа

В этом году независимому Казахстану исполняется 20 лет. За эти годы наша страна достигла многого, зарекомендовала себя на международной арене в качестве авторитетного регионального лидера.

Внеочередные выборы Президента Республики Казахстан стали одним из главных событий 2011 года. Народ Казахстана с предвкушением ждал этого события, наблюдая за последними новостями предвыборной гонки. Казахское общество живо обсуждало программы кандидатов на пост Президента страны.

С целью отслеживания электорального процесса в Казахстан приехали многочисленные иностранные наблюдатели, независимые эксперты и представители международных организаций, которые позитивно оценили организацию и проведение выборов.

Студенты Казахского национального университета им. аль-Фараби, будущая интеллектуальная элита государства, приняли активное участие в голосовании. Каждый из них осознавал значимость своего голоса в будущей судьбе страны.

Избирательные участки начали свою работу рано утром. Уже тогда можно было наблюдать скопление молодых людей в очередях. Это показатель их политической и гражданской активности, высокого патриотизма и ответственности.

Апогей выборов стали их результаты, сто процентов студентов университета поддержали действующего Главу государства Нурсултана Абишевича. Мы с воодушевлением и гордостью встретили уверенную победу Лидера нации в поистине исторических выборах.

Все эти годы Казахстан успешно развивался под идейным и мудрым руководством Первого Президента РК Н.А. Назарбаева. Именно ему мы доверили будущее страны и народа. В него мы верим и его поддерживаем.

Тогжан КЕЛЬТЕНОВА,  
студентка 3 курса факультета международных отношений

## 20 лет мира и созидания!

Политическая жизнь страны сегодня ознаменована подведением итогов внеочередных президентских выборов, прошедших 3 апреля. По официальным данным, однозначное большинство казахстанцев проголосовало за действующего Президента РК Н.А. Назарбаева.

Нурсултан Абишевич Назарбаев, безусловно, остается политиком номер один в Казахстане. Он продемонстрировал всему миру готовность пройти через демократическую процедуру выборов.

Сегодня мы являемся очевидцами кардинальных изменений, которые происходят в нашей стране и мире. За короткий исторический период Казахстан, став независимым государством, преодолел экономические трудности, заложил правовые и экономические основы устойчивого развития. Мы мирно решили проблемы государственных границ со своими ближайшими соседями, обеспечили мир и согласие в своем доме и позиционируемся в мире как стабильное, толерантное государство с огромным потенциалом развития.

2011 год – особенный год в истории нашей страны – 20-летие обретения независимости Казахстаном, 20-летие образования СНГ, 50-летие освоения космоса, год председательства в ОИК, председательства в ШОС. Это год подведения итогов, поэтому по инициативе Президента Н.А. Назарбаева он пройдет под девизом «20 лет мира и созидания!». Анализируя пройденный путь, оценивая достижения и успехи, мы, несомненно, используем извлеченные уроки и положительный опыт для построения будущего.

Формула успешного развития Казахстана имеет четыре основные составляющие: сильный лидер, сильное гражданское общество, высокое качество человеческого капитала, мощная ресурсная база. Казахстан стал одним из первых государств на постсоветском пространстве, который перешел к модели долгосрочного стратегического планирования. Именно в Казахстане огромное внимание уделяется повышению качества человеческого капитала, формируется эффективная модель так называемой «экономики знаний». В нынешнем Послании Президента РК народу Казахстана «Построим будущее вместе!» одним из главных сообщений является модернизация образования, поэтому наш вуз, имея бесценный опыт научно-образовательной деятельности, сейчас находится в процессе трансформации в Национальный исследовательский университет. А это, естественно, ответственность, престиж и гордость каждого студента, преподавателя и ученого КазНУ им. аль-Фараби.

Студенты и преподаватели университета проявили активную гражданскую позицию и сознательность, приняв участие в выборах Президента РК, тем самым внесли свой вклад в развитие независимого Казахстана.

Основными ценностями, по-настоящему волнующими наших граждан, являются Свобода, Единство, Стабильность и Процветание, гарантом которых выступает Лидер Нации Н.А. Назарбаев. Все эти ценностные категории возможны только в политически стабильном, демократическом, правовом государстве. Мы уверены в нашем Лидере, в его мудрой политике, в прекрасном будущем нашей страны.

Алия БАЛАПАНОВА,  
профессор кафедры политологии  
факультета философии и политологии  
КазНУ им. аль-Фараби





# Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте

**НӘТИЖЕ**  
Елбасының кезекті жолдауы нақты міндеттер мен талаптарды айқындап берді. Әлеуметтік жаңғыруда қарымды жұмыстар атқаруға жігерлендірді. Осы орайда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2-ші гуманитарлық шет тілдері кафедрасының оқытушылары жастардың шет тілін еркін меңгеріп, еңбек нарығында сұранысқа ие маман қалыптасуына үлес қосуда.

Кафедра оқытушылары З.М.Жанәділова, С.З.Серікбаева, Қ.А.Айсұлтанова, К.А.Нұржұмаева, Г.Т.Карашина тәрізді тәжірибелі оқытушылар оқу-тәрбие саласында жас оқытушыларға тәжірибесімен бөлісуде. № 10 студенттер жатақханасында кесте бойынша кезекшілік атқарылып, шетелден келген студенттердің қалжадайымен танысып, тәртіп, тазалық тақырыбында әңгіме өткізіп, үлгерімі төмен студенттерге көмектесуді ұстаздық борыштары санайды.

Студенттердің шет тіліне қызы-

ғушылығын арттыру мақсатында оқитудың дәстүрлі түрлерімен бірге интерактивті іскерлік ойындар, кейстерді талдау пайдаланылады. Мысалы заң және экономика факультеттері магистранттарымен «Doing business across countries» тақырыбы аясындағы дөңгелек үстел барысында магистранттар Power point арқылы жобаларын баяндап, ағылшын тілінде пікір таластырды. Кафедра оқытушылары жыл сайын университетте өткізілетін ғылыми-тәжірибелік конференцияларға белсенді қатысып отырады. Кафедрадағы аға оқытушылар Б.Қ.Адамбалинова, З.Ә.Тлеуғабылова және Г.К.Атабаева дайындаған «Қазіргі білім кеңістігінде оқытушының өзіндік шығармашылық танытуы» атты әдістемелік семинарда оқытушыларға соңғы үлгідегі инновациялық оқыту тәсілдері туралы мағлұмат берілді. Студенттер сарайындағы «Руханият» кіші залында кафедра оқытушылары Г.К.Атабаева, Г.Т.Оразбаева, Г.Б.Алмабаева, Б.Д.Рыскееваның ұйытқы болуымен

«Біз дарындымыз» атты байқау өткізілді. Байқауды жоғары деңгейде жүргізген заң факультетінің студенті Әсемқұл Алдияның ағылшын тілін тамаша меңгеруі, сахнада өзін еркін ұстауы көрермендер тәнті етсе, екінші жүргізуші Жахангер Исатайдың дайындаған «ҚазҰУ-дағы бір күн» атты студент өмірін сипаттайтын бейне таспасы сәтті шықты. Кафедра оқытушылары әкімшілік, деканаттар тарапынан жіберілген аударма жұмыстарын да тыңғылықты орындайды.

Сонымен, жастарды біліммен сусындатып отырған қара шаңырақтың барша ұжымына айтайын дегенім: анамыздың ақ сүтімен тараған төл тілімізбен қатар басқа да тілдерді еркін меңгере отырып, президентіміздің мендеген екі университеттің бірі болу үшін, кең байтақ егемен еліміздің беделін асқақтатуға үлес қосуларыңызға тілектеспін.

**Б.Н.АҚШАЛОВА,**  
2-ші гуманитарлық шет тілдері кафедрасының доценті

## ДӘСТҮР

### Қызға – құрмет, ұлға – ізет

ҚазҰУ қалашығында мерекелік көңіл күй көктемнің алғашқы күндерінен-ақ сезіле бастады. Жақында №17 жатақханада филология факультетінің әдебиет теориясы және фольклористика кафедрасының куратор-эдвайзерлері ұйымдастырған «Қызға – құрмет, ұлға – ізет» байқауы студенттер қауымына ерекше қуаныш сыйлады.

Ұлттық құндылықтарды жастарымыздың бойына әдебиет арқылы сіңіріп жүрген ұстаздар қауымы байқау шарттарын ұлттық салт-дәстүрді, ұлттық әдеп пен әдет-ғұрыптарды қастерлеу, қыздар мен жігіттердің шынайы сыйластығын арттыру мақсаттарында құрды. Байқауда «Арулар» және «Серілер» тобы ұлттық құндылықты насихаттайтын шарттар бойынша бақ сынасты. Онда викториналық сұрақтарға жауап, макалдардың мәнін түсіндіру, салт-дәстүр көрінісі, қыз бен ұл тәрбиесіне қатысты ырым-тыйым сөздерді атау, олардың шығу себебінің мәнін ашу және «Қызға – құрмет, ұлға – ізет» тақырыбы аясында құрмет пен ізет көрсетудің нақты үлгісін көрсету талаптары қойылды.

Халқымыз ұл мен қызды мән-мағынасы терең сөздермен тәрбиелегендігін байқау қатысушылары мақал-мәтелдердің, ырым-тыйым сөздердің мазмұнын ашу барысында дәлелдеді. Ұл мен қызға қатысты салт-дәстүр көрінісі мен қызға – құрмет, ұлға – ізет білдіру үлгісін көрсетуден екі топ мүдірмей өтіп, байқау жанкүйерлерінің көңілінен шықты. Байқауда екі топ тен түсті. Алайда «Серілер» тобы серілік танытып, әрі ізет көрсетіп жүлделі орынды «Арулар» тобына беруді жөн көрді. Арасында ән салып, өлең-жыр оқыған студенттер өздері дәріс беріп жүрген А.Салқынбай, А.Темірболат, А.Бұлдыбай, Ж.Мәмбетов, Р.Әбдіқұлова, С.Қалқабаева, Ж.Баянбаева сияқты ұстазғалымдардың кітаптарын сыйға алды.

**Сәлима ҚАЛҚАБАЕВА,**  
әдебиет теориясы және фольклористика кафедрасының доценті

## БАЙҚАУ



### Көктем аруын таңдаған сайыс

Ұлыстың ұлы күні қарсанында шетел азаматтарына арналған дайындық кафедрасы мен Студенттер мәслихатының ұйымдастыруымен «Көктем аруы» байқауы өтті. Байқауда шетелдік қандастарымыз алты сайыс бойынша өнер сынына түсті.

«Зиянды қалдықсыз өнім» бөлімінде экологиялық тазалықты насихаттау мақсатында Қытай елінен келген аруымыз Айнуэр Зияда түрлі-түсті целлофаннан көйлек тігіп, «Өнерлі қыз» атауымен марапатталды. Ал, ұлттық киімімен айрықша көзге түскен Түркиядан келген Алпер Еврар Румеса «Үздік киім үлгісі» атауы бойынша жүлдеге ие болды. Арулар сайысы барысында қазақ, орыс, парсы тілдерінде ән шырқалып, би биленді. Факультеттегі «Жас талап» ғылыми-танымдық студент-

тер үйірмесі жанындағы әзілкештер клубы көрсеткен көңілді қалжындар көрерменді күлкіге кенелтіп қана қоймай, ой тастады. «Үш ғасырдың үш әжесі» атты тапқыр қойылымда қариялық болмысты ұмыт қалдырған жандарға әже болмысы қандай болу керектігін зілді әзілмен жеткізді.

Көркем арулар бақ сынасқан жарыста бас жүлдені Қытай Халық Республикасынан келген Гүлзия Әукен жеңіп алып, «Көктем аруы» атанды. Халқымыздың салт-дәстүрін шетелдіктерге таныстыру барысында бұл байқаудың танымдық маңызы зор болды.

**Р.Т.НАРАЛИЕВА,**  
**Ж.Т.АБДУЛЛАЕВА,**  
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары



## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,  
Уәли ҚЫДЫРОВ  
Талғат АХМЕТҚАЗЫ  
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ  
Беттеуші –  
Фототілші –

## МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.  
Таралымы – 1000 дана.  
Индексі 65989.  
Тапсырыс №10225

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

## ЖИЗНЬ ПОСВЯЩЕННАЯ НАУКЕ

В.М.Иношин родился в г. Ленинграде в семье известного гидростроителя. В 1944 г. родители переехали в Восточный Казахстан, где жили в г. Усть-Каменогорске и г. Серебрянске.

Начиная со школьных лет, Виктор Михайлович проявлял большой интерес к жизни птиц и рыб, то есть к биологии и остаётся верен ей всю жизнь. А со студенческих лет увлёкся вопросом биоморфологии и цитологии. С трепетом он произносит имена своих учителей: академиком НАН РК – Б.А.Домбровского, Г.З.Бияшева, профессором Н.З.Хусаинова, А.П.Гурвича и др.

С 1963 г. деятельность В.Иношина связана с биологическим факультетом нашего университета. Он начал со стажёра-исследователя, был доцентом, профессором, заведующим кафедрой, руководителем УНПО «Биофизика».

В 60-е годы организовал исследования и специальную лабораторию по изучению реактивности организма человека и животных на излучение оптических квантовых генераторов (лазеров). Эти исследования проводились впервые не только в Казахстане, но и в мире. В 1973 г. под руководством профессора В.Иношина на базе биологического факультета была организована кафедра биофизики. В 31 год он защитил докторскую диссертацию, став самым молодым доктором наук по биологии не только в Казахстане, но и в СССР.

Высокий профессионализм и неординарность обеспечили ему уважение и большой авторитет среди коллег и студентов. Под его руководством защищено 14 кандидатских и докторских диссертаций. Им получено более 150 авторских свидетельств на изобретения и патентов, из них 30 запатентованы за рубежом (США, Канада, Германия, Япония, Австралия и др.).

Он является членом редколлегий ряда зарубежных изданий: «Психоэнергетические системы» (США), «Аурикулотерапия» (Израиль). Результаты научных изысканий профессора В.Иношина и его учеников опубликованы в более чем 400 работах.

За свои выдающиеся достижения Виктор Михайлович избран членом и почётным членом многих международных научных организаций. Он награждён медалью Международного фонда им. А.Л.Чижевского, орденом «Құрмет», отмечен званием «Заслуженный изобретатель РК».

В свои 70 лет, Виктор Михайлович находится в расцвете сил, полон замыслов, идей и планов. Желаем учителю и учёному с большой буквы творческого долголетия, новых научных свершений и открытий, талантливых учеников и последователей.

**Султан ТУЛЕУХАНОВ**  
д.б.н., профессор, академик НАН ВШ РК,  
заведующий кафедрой физиологии человека и животных и биофизики



**Виктор Михайлович**  
Иношин известный учёный-биолог.  
Родился в Ленинграде 1 марта 1941 г., выпускник биологического факультета КазГУ им. С.М.Кирова. Академик Лазерной академии наук (РФ), почётный член Международной ассоциации по изучению эффекта Кириана (США), член Международного фонда им. А.Л.Чижевского (РФ), заслуженный изобретатель РК, доктор биологических наук, профессор.